Газет 1988 жылдың
1 шілдесінен бастап шығады

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АЛМАТЫ АҚШАМЫ

№142 (5335),
1 желтоқсан, бейсенбі, 2016 жыл.

almaty-akshamy.kz E-mail: almaty-aksham@mail.ru

Almaty

ISSN 2223-2370
9 772223 237006

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

ЖАНАТТЫҢ ЖҰМБАҒЫ

Жақау ДӘУРЕНБЕКОВ



Журналистикада жампоздар көп.

Бір ғажабы, жампоздардың өздеріне тән жұмбағы да жетерлік. Онысы — оқырманға байқала бермейді. Оларын жанында жүргендер ғана біледі. Білген сәтте қайран қаларың даусыз. Енді ше: бірі — жазудан бөлек ән салғанда аңырған тыңдаушыға айналасың, бірі жауырыны жерге тимейтін алапат палуан, бірі — қылқаммен сурет салады, бірі — домбыраның құлағында ойнайды, бірі — бильярдтың шебері, бірі — адам шақ келтірмейтін шахматшы, бірі — машинамен саяхаттаушы, бірі — анекдоттың алпереці, бірі — айтыстың актангері, бірі — бас қатырғыштың майталманы, бірі... әйтеуір құралақаны жоқ. Негізгі кәсібі журналистиканың желкенін көтеруші болғанымен, бойдағы барды тастамай жүрген онысынан шабыт алып, өнеріне өң беріп жүрген журналистика жампоздарының мұндай қырларынан сыр шертудің еш артықтығы бола қоймас. Өйткені әр журналистің қаламымен қоса мінезі, дағдысы, принципі, парасаты, пайымы, тәжірибесі бойдағы қыр мен сырдың сиясынан суарылары хақ.

Қазақ журналистикасының шоқтығы биік өкілі — Жанат Елшібектің де ортадан ойып алған өз орны бар десек, оған осы күні бәріміз куәміз. Баспасөз бетінен баршаға таныс бұл есімнің де өзіндік жұмбағы бар. Қарап тұрсаң, Жанаттың қаламынан сан тарау мақала, новелла, әңгіме, повесть секілді барлық жанрлық туындылар туыпты. Ғафу Қайырбеков, Шерхан Мұртаза, Фариза Оңғарсынова секілді қазақтың атақты қаламгерлері Жанаттың көркем туындылары жайлы кеңінен толғап, шынайы бағаларын бергені өз алдына, қаламдастары мен қатарластары да қалам тербеп, көрікті ойлары мен кемел толғамдарын мерейін асыра жеткізді. Олардың бағасы ұланбайтақ елдегі оқырманның ықыласымен ұласты.

Мен Жанаттың жалпақ елге белгілі емес, беймәлім басқа бір қырынан келуді құп көрдім. Өйткені оның журналистикадағы осы бір жұмбағы жайлы айтылып та, жазылып та жүрмегені өзіме мәлім-ді. Осы жолы шығармашылық шабыттың жолында көзге онша шалынбай келген оның осы жұмбағын алға тартудың реті келгендей. Ол жұмбақ Жанаттың өмір бойы журналистік жолында жарасым тауып келеді. Оның аты да, заты да — ТАНЫМ атты оның қызықты қоры. Қор болғанда баршаны қызықтыратын, еліктіретін, ойландыратын қор. "Сен білесің бе?"-ден бастап "Оқы, қызыққа" дейінгі орасан зор мағлұмат, дерек пен дәйек қоры өмір бойы тынымсыз тірнектің толағай табысы деуге болады. Мұндай еңбекқорлық екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ал қазақта ондай жан — біреу, ол — Жанат.

Мен өзім Жанатпен жасұлан кезден бірге журналистиканың ұзақ жолында келемін. Оның ең бір өнімді, өрнекті жылдары — "Ұлан" ("Қазақстан пионері"), "Жас Алаш" ("Лениншіл жас") газеттерінің қабырғасында өтті. Осы жылдарда Жанаттың әлгідей жұмбақ еңбегіне куә болдым. Мұндай "кәсібі" жастар газетінің секретариатында жүргенде тіпті үдеді. Онысы бүкіл газет нөміріне құткарушы да боп жататын. Ол кездегі нөмір таңертеңгі мезгілден басталады. Әуелі сызылған макеттің бір беті келеді. Ана жақтан газеттің жауапты шығарушысы Мария Григорьевна телефоннан:

— Жанат! Слушай, беттің соңғы бағаны пустует... Аяқ жағына сорок строк. Быстро! — дейді...

Жанат лып еткізіп тартпасын ашады. Тартпада бар жиған-тергені. Бір парақты суырып алып машбюроға қарай зымырай жөнеледі. Әп-сәтте "Техника ғажайыптары" деген қызық хабар дап-дайын. Мария Григорьевна да риза, нөмірге де кідіріс жоқ. Қуыс-тесіктің бәрін Жанаттың жұнттай ететініне редактор да сенімді.

Бір ғажабы, Жанаттың жиған-тергені әр бетке лайықталып қойылған. Екінші бетте — өндіріс-техника ғажайыптары болса, үшінші-төртінші беттерге мәдениетғылым, спорт, салт-дәстүр боп жіктеулі тұрады. Мұның бәрін түрлі басылымдардан, орталықтан шығатын танымдық, спорттық журналдардан, ТАСС пен АПН-ның материалдарынан, редакция жаздырып алатын бүкіл республикалық жастар басылымдарынан қиып алып өзінше қорытып, жүйелеп жүреді. Бәрі газеттің қамы, бәрі нөмірдің аяқ асты кідіріп қалмауы үшін. Осы еңбегі келе-келе "Таным" атты ғажайып деректер мен дәйектерге толы энциклопедиялық кітапқа айналды.

Жанаттың бұл кәсібі секретариаттың мұқтаждығынан туындаса да өзінің бастаған ісін аяғына дейін алып жүрді. Секретариатта істеген талай жігіттер ондайға барған жоқ. Секретариаттың бар қыр-сырын түбіне дейін меңгерген Жанаттың осы саладағы еңбегі оның шығармашылығының бір қыры деуге әбден лайық.

Секретариаттың жұмысына екінің бірі шыдай бермейді. Босбелбеулері "боргған" шығып қалады. Оның жұмысында бір сәтте босаңсу деген болмайды. Елден бұрын жаңалықты біліп отыратын, елден бұрын жаңалықты бетке салатын секретариаттың жұмысы макет сызудан басталады. Макет — шығатын номердің сызба нұсқасы жай сызыла салмайды. Әр материалдың өз орны бар, көлемі бар, көтерген тақырыбы бар дегендей... Материалды көрсетіп беру, тақырыпты айқайлатып беру, оқылатын материалдың ажарын ашып көрсету, жақсы материалдың қысқарып кетпеуін ойлау, есептеу, беттердің тынысын ашу, ресми материал түскен кезде беттен ұшатын материалды болжап отыру секілді жайлар шалымды интуицияны қажет етеді. Сызылар макеттің нобайын Жанат алдын ала пісіріп, онысын қосалқы фотолармен әзірлеп отыратын. Макеттің беттерін түрлі-түсті қарындашпен сызып, подписіне дейін таптұйнақтай етілген макетке Сәкең (редактор) риза боп отыратын. Өйткені Сәкең макетке өте қатты қарайды. Әр нөмір сайын тосын сызықтар, фотолар, материалдың ажарын ашатын штрихтар, айқара беттің бағандық, әріптік әрленуі секілді сипаттарға өте-мөте мән бере қарап, ырзалығын жасырмай қуаттап, кей тұстарда өзі де солакай қолымен сызбаның әр тұсынан белгі соғып, иә болмаса қиғаштай салып жетілдіріп жататыны бар. Ертеңіне өзі қол қойған материалдың ажарына сүйініп: "Мынаны (кейбір тақырыпшаларды көлденең тергізу, кейбір шағын материалды дөңгелек теріммен беру...) тауып кеткен екенсіндер", — деп отырады. Ондай формада партиялық газеттер өмірі бермейді. Макеттегі жаңалықтосындықтың бәрі жастар газетінен шығып жататын заман. Жанаттың осындай еңбегі ұшан-теңіз деудің сыры батыл редактордың батыл шешімді құп көретіндігінен еді.

Осы орайда күнделігімде мынадай жолдар қалыпты: "25-ақпан. "Ленжаста" "Қаламгер келбеті" рубрикасымен жарияланған "Өз тақырыбын болсын десеңіз" атты мақалада (авторы Б.Ыбрайымов) Оралхан Бөкеев былай депті: "... Мені әдебиетке әкелген журналистика. Ауылда жүріп жазған материалдарым "Ленжаста" үзбей жарияланып тұрды..." — десе, енді бір жерінде: "— Егер өзің оқыдым деп отырған (Б.Ыбрайымовқа айтып отыр) көптеген суреттеме, очерктерімді жазбаған болсам, үлкен шеберлік мектебінен өте алмас едім..." — депті. (19-ақпан, 1985 жыл, "Ленжас").

Бекеннің: "... Сол кездегі бота тірсек бізге осылайша әсер ететін себебі — автордың "Қара сөзбен жырлайын" деп өзі берген сілтемесі ме екен, әлде газет МАКЕТІНІҢ өзі көз тарта құлпырып, бір түрлі тосын, жұмбағы мол қиян әлеміне шақырып тұратындығынан ба, әлде жас журналистің киялшылдығы ма — қайсысы екенін сол кезде тап басып айта алмасақ керек", — деуінде газет макеттерінің есте қалуы тегін аталып отырған жоқ. Өйткені бұл жетпісінші жылдар болатын. Сол макеттердің талайын өзіміз сызған едік, Жанат басында жүретін. Сол кездегі макеттегі жаңалық, ізденістің із-түзсіз кетпей есте қалуы (1985 ж.) қандай ғанибет! Осы жолдарда газет МАКЕТІ дегеннің қандай рөлі барын әбден аңғаруға болады. Сырт көздің өзі осылай мән берген макеттерде Жанаттың қолтаңбасы тіпті ерекше дер едім. Одан әрі: "Жанаттың макеті жасанып шығады", "Макет — нөмірдің сүйегі, тақырып — мазмұнның тиегі" деп түртіп қойыппын. Жалпы, бәйгеге қосар алдында таң асырылған жүйріктердей редакция табалдырығын оң аяқпен аттап, қаламын нықтай ұстаған алымды да шалымды жігіттерді секретариатқа "сүңгітіп" алу Сейдағаңа тән редакторлық мінез еді. Содан да болар, Мәткәрім Әкімжанов, Серік Әбдірайымов, Эрнест Төреханов, Жарылқап Бейсенбаев, Ерғали Сағат, Қайырбек Асанов, Ертай Айғалиевтер... осындай көріктен шыққан бесаспаптар еді.

Осы секретариатта жүріп абыр-сабыры көп жұмыстың ара-арасында қаламы қолынан түспеген Жанаттың өз тақырыбын тауып жүретіні де тәнті ететін. Соның бірі — газеттің қажеттілігінен туындаған тақырып еді. Ол кезде газет оқырманға қажет тақырыпты індетіп жүріп іздейтін, өздері де ізденіп, тапқырлық танытып жататын. Бірде әр айдың бірінші күнін оқырманға елең еткізердей етіп ел есіне сала отырып құлағдар етуді ұсынған Жанат ай басталғанда "Табиғат тамашаларын" беріп отыруға кірісті. Онысы оқырман көңілінен шығып, наурыз, тамыз... секілді табиғаттың бітім-болмысы, ерекшелігі, сипаты... жайлы мәлтек дүниелер үзбей беріліп тұратын болды. Жанат бұл айдарды да ұзақ уақыт ұқыппен, суретін қоса беру арқылы жүргізді. Бұл да Жанат қаламының бір қыры еді. Кейін мұнысы "Атамекен" деген фотоәңгімелерден тұратын, айтары әсерлі әдемі кітапқа айналды.

Сонау балалық шақтан бері айналысып келе жатқан бізге қызықты көрінер — өзіне өзекті көрінер өзгеше бір сөз өрімі "Сөзжұмбақтар" болды. Көп мәліметті, толып жатқан мағлұматты, дәйектер мен деректерді, оқиғалар өрімін, жан-жақты хабардарлықты, аңғарымпаздықты, зеректікті қажет ететін бұл еңбектің мандай терді сығып алар шаруасы ересен. Тігінен де, көлденеңінен де оңайлықпен орайы келіп қиылыса бермейтін, ойдың, сөздің қалыбынан шыға бермейтін сөзжұмбақтың ұстатпайтын жібі, таптырмайтын тіні — бәрін бүге-шігесіне дейін бұйдасынан ұстаған білгірдің ғана қолынан келеді. Секретариаттың сүргін шаруасында жүріп жасаған Жанаттың сөзжұмбақтарында ұланғайыр білімдік қор жатқанын сөзжұмбақты шешкен біледі, жауабын тапқан түсінеді. Көзге көрініп, елене бермейтін осынау еңбектің мектеп оқушыларына, жалпы көзіқарақты оқырманға ойлану үшін, білгенін таразылау үшін таптырмайтын сынақ екенін бағамдай біліп, бағалай білгеніміз артық болмайды. Содан да болар, кезінде осы еңбегінің "Зерек" атты танымдық ойындар кітабына айналып, көп тиражбен шығып, қолға тимей кеткені айғақ. Осының аркасында қазір "Сөзжұмбақ" жасаушылар, "Бас қатырғыш" жасаушылар еліктеп өсіп, көбейді. Олардың қайсыбіреулері осындай газеттер де шығарып, бұл дәстүрді жалғастырып жатыр.

Оқырман өз өміріндегі көңілінен дөп шыққан журналистерін қалт жібермей қадағалайды. Өсіп келе жатқан жас журналистер іздеп жүріп қадағалайды. Содан да болар, оның осы бір "Зерек", "Таным" кітаптары көп тиражбен шыққа да әлі күтіліп жүретіні қуантады. Еңбектің рәті осындай-ақ болар. Өйткені құнды деректерді жинауда, мұқият сақтап, қажет кезінде жарқ еткізіп жеткізе білуде Жанат қаламының жарқ етпесі ұшқыр. Оған қасқағым сәттік дүниелерді іліп түсу тән. Мынау соның бір көрінісі:

"... Баспасөзде үзіліссіз отыз жеті жыл қызмет етсем, соның жиырма жеті жылға жуығы қасиетті қара шаңырақ — "Егеменнің" астында өтіпті. Осынау уақыт ішінде он-он бір редактормен, жүздеген журналиспен бір сапта, қоян-қолтық жүріп, қалам тербедік. Бұл — кез келген журналистің пешенесіне жазыла бермейтін бақыт. Газет шығарудың, газет жасаудың небір ыстық-суығын бастан кешірдік. Мерей маркайтар мезетте үлкен өмірдің үзігіндей, газет "кухнясының" тіршілігінен сыр ұқтырар талай-талай оқиғалардың жарқылдаған жолағындай жалғыз ғана штрихты еске түсіргім келеді.

Елең еткізер жәйт. 1991 жылғы 15-мамыр. Сәрсенбі. Газеттің соңғы бетіндегі Бас редактордың фамилиясынан бастап, редакция алқалары мүшелерінің аты-жөндері түгел тұңғыш рет "ов", "ев" жұрнақтарын сыпырып тастап шықты. Осы нөмірді талқылап, бекіту үстінде төртінші беттің макетінің оң жақ бұрышына Шер-аға қара сиямен бадырайтып аты-жөнін жаза бастады.

— Мырзалар, ертеңгі сәрсенбінің сәтінен бастап, мен Шерхан Мұртазамын, — деді төнірегіне назар аударып. — "Ов", "ев" камытынан құтылатын кез жетті.

Осы идеяны көптен бері қолдап, әрі ұдайы қузап жазып жүретін өзгелеріміз де макеттің шетіндегі саңылауға аты-жөнімізді көрсетіп, жарыса қол қойдық. Айтпақшы, біз үшін кезінде үлкен оқиға саналған сол күннің куәсіндей болған "жәдігер" — төртінші беттің макеті менің жеке мұқәмалдарымның арасында сақтаулы". Бұл жауапты хатшының әр нәрсені қапы жібермейтін қағылездігі. Айтылған сөздің мәнін ұстап қалу, оны детальға айналдыру — шеберлік әрі шалымдылық!

Әсте, секретариат туралы аз айтылады, аз жазылады. Тіпті ауызға алмайды десе де болады. Орайы келгесін айтайық: жұмысы от боп күйіп-жанып жататын, редактор — машинистка — терімші — кезекші — тың көз — ретушер — суретші — бет жасаушы боп тізбектелген процестің көшін ұршықша үйіріп, ырғағына селкеу түсірмей, бір жеңнен қол шығара отырып, бір демнен жұмыс істеудің қаншалықты қиын екенін бастан кешкен біледі.

Білгендіктен де болар: "Секретариат — бұл алдымен әріптерді (шрифті делінеді ғой) жетік білуден бастау алатын жұмыс, — дейді Жанат түйген ойын тереңнен тарта таркатар әдетімен. — Әріп дегенің ол да опонай өмірге келе салмаған. Тамыры мен тегі көне дәуірден көз тартады. Атақты қылқалам шеберлері баспаханалық әріптерді алғаш жасаушылар делініп жүр. Айталық Леонардо да Винчидің әріптерді қалай жасағаны бейнеленген суреттері сақталған, ал Альберт Дюрер жазу әріптерінің құрылымын жасап шыққан. Осындай еңбектеріне орай әріптер әр жасаушының есімдерімен (Бодони әрпі, Мануция әрпі секілді) аталынып кеткен, әр елден шығуына орай латындық негіздегі бомбо, петит, гарамон, таймс делінетіні де сондай іздегі дәстүр. Әріптердің түрлілігі, әріптердің технологиясы, әріптің түріне қарай жол үнемділігі, әріптің оқуға ыңғайлылығы, көркемдігі секілді ерекшеліктерін екшей білу, оны орынды қолдану макетші үшін ең бірінші қажеттілік".

Осының бәрін қазақ баспасөзінің бетінде ұзақ жылдар бойы өз өрнегімен қалыптастырып, отыз жыл бойы өткөсеуі қолынан түспеген ұстахана шеберінің, әні, бүгін де қолы бос емес... Кезекті нөмірдің қат шаруасымен асығып бара жатқан елгезек қалпы елестейді. Сол бәз-баяғыдай...

Жанат Елшібектің еншілегені осындай тынымсыз еңбек болды. Қиясы қиын қаламгерлік биікке, жұмбағы мол журналистік жотаға, осындай құрмет пен үрметке жеткізген де осы еңбегі — мандай тері.

Жай тер емес.

Ащы тер...